



Жаңа міндет айқындалды

Қонаевта Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысы өтті. Жиынды Алматы облысының әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Марат Сұлтанғазиев ашып, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы» бекітілгенін атап өтті.



Суретті түсірген А. ҚАЖИКЕ

Алма ЕСЕНБАЙ

– Тұжырымдама аясында жаңа міндеттер айқындалды. Мемлекеттік саясат пен жалпыұлттық бірлікті нығайтуда қазақстандық патриотизм, азаматтық теңдік, мемлекеттік тіл аясында топтасу сынды мақсаттар қойылды. Осыған байланысты Алматы облысының ішкі саясат басқармасына облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған өңірлік жоспарын әзірлеуді тапсырамын.

Ассамблеяның жұмысын жаңаша үйлестіретін уақыт жетті. Осы орайда Ассамблея қоғамдық мәселелерді шешіп, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, тіл үйрету бағытында жұмыс істеу қажет. Көп тіл білу көптеген мүмкіндікке жол ашады.

Бүгінде облыстық Ассамблеяның активі 20 мың адамға құрайды. 34 этномәдени бірлестік, 147 аналар кеңесі, 25 қоғамдық медиатор жұмыс істейді. «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін күшейту үшін алты ауданға 30 штат бірлігі бөлінді. Ассамблея мүшелері бірлік пен татулықтың арқасында талай белесті бағындырып келеді. Ассамблея елімізде өткен Референдум, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы сынды жауапты науқанда белсене қызмет етті. Сол үшін оларға алғыс айтамын, – деді.

Марат Елеусізұлы облыстық Ассамблеяның

биылғы жұмысын қорытындылап, келер жылдың кеңес құрамын бекітті. Кеңес мүшелері өз пікірлерін білдіріп, облыстық татар-башқұрт қауымдас­тығының төрағасы Ильдар Юлдабаевты облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орын­басары қызметіне, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Амангелді Беспаеты ақсақалдар кеңесі­нің төрағалығына, Гүлнар Жошыбаеваны аналар кеңесінің төрайымы қызметіне, Гүлжан Қызай­байды жетекші журналистер клубының төрайым­дығына ұсынды. Комиссия мүшелері бірауыздан қолдау білдірді.

Жиын соңында үздік қызмет атқарған Ассам­блея мүшелері мен «Қайырымдылық керуені» ак­циясына үлес қосушы кәсіпкерлер марапатталды. Іле аудандық аналар кеңесінің төрайымы Мей­рамгүл Жабиева ҚР Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев­тың «Жомарт жан» төсбелгісін иеленді.

Жиында Қазақстан халқы Ассамблеясының мү­шесі, Іле аудандық мәслихатының хатшысы Роза Абилова, «Элефтерия» Алматы облысы гректер қоғамының төрағасы Наталья Тифандиди, Еңбек­шіқазақ аудандық күрд этномәдени бірлестігінің төрағасы Надо Надиров сөз алып, Ассамблеяның ұлтаралық татулықты сақтаудағы маңызы мен ал­дағы міндеттері жайлы айтып өтті.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Ұйым жұмысы талқыланды

Талдықорғанда өткен Жетісу облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында облыстық Ассамблея төрағасының қоғамдық орынбасарлары сайланып, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалына төраға тағайындалды.

Алқалы жиынды жүргізіп отырған «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы міндетін атқарушы Руфина Усанова бұдан соң облыстық Қазақ­стан халқы Ассамблеясының І сессиясы өтетінін хабарлап,

«Ассамблея жастары» рес­пуб­ликалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаевқа, облыстық Корей этномәдени бірлестігінің төрағасы Владимир Лиге, №21751 әскери бөлімінің аға ұшқышы Вячеслав Чабановқа, Панфилов ауданындағы

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Жетісу облысы

Жамбыл мектебінің оқушысы Азиза Құтымғазиеваға кезекпен сөз беріп, өңірдің өркендеуіне үлес қосқан қоғам белсенділері мен мамандарды Алғыс хаттар­мен марапаттады.

Облыстық сессия жұмысына қатысқан қоғам белсенділері Қазақстан халқы Ассамблея­сының болашағына, атқарар жұмысы мен міндетіне, мемле­кеттік тілді дамытудың жолдарын ортаға салып, пікірталас өткізді.

БӨРЕКЕЛДІ!

Тұрғын үй жаңғырды

Қазіргі таңда «Әкім бол, халқыңа жақын бол», – деген орнықты сөз бар. Кеген ауылдық округінің әкімі Руслан Масеновке қарата айтылғандай. Тұрғындардың өздері қалап, ауыл әкімі етіп сайлағандарына көп уақыт болған жоқ.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Содан бері жұрттың сені­міне селкеу түсірмеу үшін бой­ындағы білімі, білігін, күш­жігерін, ұйымдастырушылық қабілет-қарымын жұмсай жұ­мыс істеп келеді. Алғаны ал­ғыс, көптің батасы десек, ар­тық айтқандық емес. Ауыл әкі­мі болғалы жөнімен, жолымен көптеген игілікті істерге негіз қалады. Соның бірі – Кеген ауылында сонау Кеңес одағы тұсында салынып, пайдалану­ға берілгеніне кемінде жарты ғасырға жуық уақыт болған, әбден тозып кеткен үш қабат-

ты тұрғын үйдің заманға лайық қалыпқа келтіріліп, көз тартарлық келбетке ие болғаны еді. Ауыл әкімі Б. Атыхаңұлы көше­сіндегі №16 үй тұрғындарының әлеуметтік желі арқылы өзіне қарата айтылған жанайқайына назар аударды. Сырты, шатыры, сыртқы есіктері әбден тозығы жеткен нысанды бүтіндеу үшін аталған үйдің ақаулық актісін, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізудің сметасын жасатып, тендер жарияланды. Сөйтіп, же­німпаз атанған мердігер «Казет­рой групп» ЖШС жұмысшыла­ры жөндеу жұмыстарын уақы­тында сәтімен аяқтады. Дәл қазір



аудандық халыққа қызмет көрсету орталығына іргелес орналасқан үш қабатты тұрғын үй жаңа салынған ғимараттай көз тартып тұр. Ең қуаныштысы, ауылдық округ әкімі келесі жылы ауылдағы екі қабат­ты 4 тұрғын үйді де дәл осындай ағымдағы жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде аудандық прокуратураның жа­нындағы екі тұрғын үйдің кара­жат мәселесі шешіліпті.

Кеген ауданы
Алматы облысы

ІЛТИПАТ



Айдар ҚАЛИЕВ

Желтоқсаншыларға монумент орнатылады

Тіл сарайында облыс әкімі Бейбіт Исабаев Желтоқсан көтерілісіне қатысушылармен кездесу өткізді. Басқосуға 29 желтоқсаншы келді. Жалпы, облыста сол оқиғаға қатысқан 74 адам тұрады.

Жиын арнайы әзірленген бейнеүзік арқылы елі үшін өз тағдырын құрбан еткен боздақтарды еске алудан басталды. Басқосу барысында облыс басшысы Бейбіт Өксікбайұлы:

– Біз Желтоқсан оқиғасын тәуелсіздіктің бастауында тұр деп білеміз. Сондықтан еліміздің ұлық мерекесі қарсаңында сіздермен кездесу өткізуіміздің үлкен символдық мәні бар. 1986 жылы Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхаметжанова сияқты қыршын жастарымыз азаттық жолында жан қиды. Қаншама жас ауыр да азапты күндерді бастан өткізді. Олардың есімдері мен ерліктері жылдан-жылға, ғасырдан-ға­сырға жаңғырып жете беретініне сенімдімін. Жаркент өңірінде Ербол мен Ләззатқа, жалпы желтоқсандықтарға арнап қойылған ескерткіш бар, ол бүгінде көптің тағзым ететін орнына айналды, – дей келе жас ұрпақты патриоттық рухта тәр­биелеуде желтоқсандықтардың

қосатын үлесі зор екенін айтты.

Сонымен қатар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда атаулы күндерге бірқатар өзгерістер енгізу туралы бастама көтергенін тілге тиек етті. Айта кетейік, Мемлекет басшысы: «16 желтоқсан Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні бұрынғыша сақталды. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. 16 желтоқсан – тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деген болатын. Ал 25 қазан Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді.

Осыдан кейін, облыстық ар­дагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт, Алматы об­лысы «Жетісулық желтоқсан-

дықтар» қоғамдық қорының төрағасы Ермұхан Жүнісхан, Желтоқсан оқиғасының қаты­сушылары Бағдат Айтмұқаева мен Толқын Бөкейбаева сөз алып, алаңға шыққан жел­тоқсаншылардың ерлігін еш­қашан ұмытуға болмайтынын айтты.

Жиын барысында облыс әкімі Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың барлығы же­ңілдетілген медициналық кө­мек алуға құқылы екенін жет­кізді. 2023 жылдан бастап олар жылына бір рет санаторийлер мен курорттарда тегін медици­налық қызметтерді пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Биыл бір жолғы материалдық көмекке 200 мың теңге беріледі. Ал идеологиялық бағытта Бейбіт Исабаев фильм түсіру, жел­тоқсаншыларға арналған кітап шығаруды ұсынды. Сонымен қатар, Талдықорғанда келесі жылы Желтоқсан құрбандарын еске алуға арналған монумент орнатылады деп жоспарланып­ты. Оның небайын әзірлеуге желтоқсаншылардың өзі ат­салысады. Облыс басшысы монумент орнатуға әкімдік та­рапынан қолдау көрсететінін айтты.

Жетісу облысы



Суреттерді түсірген З.К. МҰСАБЕКОВ

БҮТІНГІ НОМІРЛЕ:	Бұрыс – ынтымақты елге қонады		Қасиетті бас ие		Ұлттық құндылықтарды ұлықтайық	
	2-бет		3-бет		4-бет	

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Занды тұлғалар үшін	15469	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	35469	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	65469	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

№	Жазылушылар	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Занды тұлғалар үшін	4400	8800	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

«Jetisu» жетісулықтармен бірге!
Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!
Алаш рухын арқалаған арқолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisu» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisu» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisu» жетісулықтармен бірге!

Жалпы жазылу бағасы:

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisudyi» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА



МАРАПАТ

Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде бір топ жас Алматы облысы әкімінің «Заңғар» сыйлығын иеленді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алматы облысында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінеді. Аймақта 280 мың жасқа колдау көрсетудің түрлі форматы қарастырылған.

Облыс басшысы, сондай-ақ, биыл 97 мектеп түлегіне қажетті мамандықтар бойынша білім алу үшін арнайы гранттар берілгенін, студент жастарға мол мүмкіндік жасалғанын, жаз кезінде студенттер «Жасыл ел» жасактарында жұмыс істеп,

«Заңғар» сыйлығы табысталды



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

елді көгалдандыруға атсалысатынын және биыл «Жасыл ел» қатарында 1 мың сарбаз жұмыс істегенін сөз етті. Таяу уақытта Алматы облысы студенттері ең көп аймаққа айналуы мүмкін.

Бұған қоса, оқу орындары түлектерін колдау мақсатында елде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы жүзеге асырылып, осының аясында биыл аймақта 631 жас маманға 193 млн. теңгеге көтерме жәрдемақы төленіп, 319 маман тұрғын үй сатып алу үшін 1,5 млрд. теңгеге жеңілдетілген несие алғаны, жас мамандарды кәсіби еңбек жолына даярлауды көздейтін

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 902 жас азамат қатысқаны, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2500 адам «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқып, 382-і грант алғаны тілге тиек етілді.

«Ертеніңіздің еңселі, болашағымыздың баянды болуы – сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан, сіздерді халыққа, қоғамға қызмет етуге, қай салада болсын Отанымыздың абыройын арттыруға үлес қосуға шақырамын», – деді Марат Елеусізұлы.

Шара соңында «Үздік жас мемлекеттік қызметші», «Үздік жас дәрігер», «Үздік жас ұстаз», «Үздік жас спортшы», «Үздік жас кәсіпкер», «Үздік студент», «Үздік волонтер», «Үздік жас әдебиетші», «Үздік жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушы» аталымдары бойынша марапатталған жастарға ақшалай сыйлықтар табысталды.

Қонаев қаласы Алматы облысы

Үрыс – ынтымақты елге қонады

Биылғы жыл еліміз үшін сынаққа толы болды. Соның бәрін басынан өткерген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің алдында мәңгілікке қалатын екі сөз айтты.

Расында мемлекеттің терең тамыр жайып, іргесін берік бекітуі басының адалдығы мен ұстанымына тікелей байланысты. Осыны жақсы білген Мемлекет басшысы биыл екі Жолдау жариялап, қордаланып қалған мәселелерді шешудің жолын қарастырды.

Өмір болған соң өкініштің қатар жүретіні анық. Биылғы қаңтардың күні қаралы, түні суық болды. Бүлікшілердің арандатуына ілескен жастар түрлі бассыздыққа барды.

жақсылыққа тәрбиелеудің пайдасын көріп отырмын. Сол арқылы өскелең ұрпақты ынтымақ-бірлікке шақыруға болады екен.

Міне, осыны терең ұғынған Мемлекет басшысы сайлауалды тұғырнамасында халықтың саяси сауаттылығын арттыру қажеттігін ұсынды. Бұл адамзаттық өркениеттің озық үлгісіне ұмтылудан туындап отыр.

Ендеше, биылғы сайлауда бір мерзімге қайта сайланған Мемлекет басшысының 7 жылында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымыз керектігін ұмытпайық!

Ел болған соң түрлі пікір айтылуы заңдылық. Биылғы кезектен тыс Президент сайлауының бюллетеніне енгізілген «бәріне қарсымын» деген графаға байланысты көп ой ортаға салынды.

Жомартқали ЖЕКЕМБИНОВ, қоғам қайраткері

ЖАЙДАРМАН

4 әлеуметтік нысан ашылды

Тәуелсіздік күні қарсаңында жазиралы Жаркент өңірінде 4 бірдей әлеуметтік нысан ел игілігіне ұсынылды. Оның алғашқысы Бөрібай би ауылында жалпы құны 1,4 млрд. теңге болатын құрастырылмалы модульді мектеп пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, Жаркент қаласында 284 орынды балабақша пайдалануға берілді. Жеке кәсіпкер балабақша құрылысына 300 млн. теңгеге жуық инвестиция құйған.



Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек аталған нысандардың ашылу рәсімінде: «Жыл басынан бері біз жеке азаматтардың бастамасымен ауылдарда 4 спорт кешенін аштық.

біздің ауданда көптеген спорт кешені бой көтеруде, – деді. Кешен 50 адамның бір мезгілде бірнеше спорт түрімен шұғылданауына арналған, жаттығу залы 250 шаршы метр.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ Панфилов ауданы Жетісу облысы

МӘСЛИХАТ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Үш жылдың бюджеті бекітілді

Жетісу облысының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті, облыстық бюджет және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттердің арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі, аудан, қала әкімдерінің 2023 жылға арналған халықпен кездесулерінің ікемді күнтізбесін келісу, қалалармен елді мекендер аумағын абаттандырудың және жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту сынды мәселелер талқыланған жиында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов пен облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов баяндама жасады.

Облыстық мәслихаттың кезектіХІІІ сессиясы өтіп, өңірдің дамуына қажетті төрт мәселе қаралды. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев, облыстық мәслихат депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан сессияны облыстық мәслихат хатшысы Гүлнар Тойлыбаева ашып, жүргізіп отырды.

және қолжетімді денсаулық сақтау – «Саламатты ұлт», «Кәсіпкерлікті дамыту» жөніндегі жобалар назарға алынды. Сондай-ақ, ҚР «Республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттерінің арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансфертер көлемдері туралы» Заңына сәйкес, облыс бойынша 2023 жылға арналған субвенциялар көлемі 338 878,2 млн. теңге, 2024 жылға 355 343,6 млн. теңге, 2025 жылға 386 544,1 млн. теңге көлемінде бекітілді.

өтеуге, түрлі субсидияларға, мемлекеттік ағаулы әлеуметтік көмекке, үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындауына, мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартуға, жұмысқа орналастыруға, медицина, білім, жұмыспен қамту, мәдениет, спорт, шағын және орта кәсіпкерлік салаларына жұмсалды. Үш жылға арналған облыс бюджетінің жалпы көлемі –1,4 триллион теңге. Соның ішінде 2023 жылға 432,9 миллиард теңге қарастырылған.

спорт, туризм және ақпараттық кеңістік», «Отын-энергетикалық кешен және жер койнауын пайдалану», «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары», «Сәулет және құрылыс қызметі», «Көлік және коммуникация» атты 13 салалық топқа жұмсалды.

Алдағы жылдарға қарастырылған қаржыны мақсатты жұмсаудың жолдарын сұрастырған облыстық мәслихат депутаттары жобалардың қатарын толықтыру керектігін алға тартты. Кейбір мәселелерді қайта қарастыруға келіскен депутаттар облыс бюджетінің бекітілуін ашық дауыспен бекітіп, қолдау танытты.



ҚАҢТАР САБАҒЫ

Қаңтарда болған толқу әлі де халықтың жадында. Сол сәтте ел тыныштығын күзетіп, өр кеудесін Отан үшін оққа тосуға дайын азаматтардың ісін бүгінде әңгімелеп жүрміз.

Отбасынан басталады

«Қаңтардың 4-і күні түсте үйге қайттым, бірақ «5-і күні толқу болуы мүмкін» деп алдын ала ескертілді. Сол күні кешкісін дабыл беріліп, әкімдіктің алдындағы алаңа жиналды. Ол кезде «бейбіт шегу болады» деп айтылғандықтан, қолымызға ешқандай қару-жарақ алған жоқпыз.

Отбасынан басталады – дейді Қанат Ергалиұлы. Үштөбе қаласында өскен азамат әлі де Талдықорғанмен екі арада жұмысқа барып-келіп істеп жүр. Қаңтар оқиғасы кезінде бес баланың әкесі балаларының болашағына алаңдағанын айтады.

Қали АСҚАН

Балалар жылы 2022

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың құқығын қорғау, денсаулығын сақтау, жас ұрпаққа білім беріп, оларды жан-жақты дамыту – біздің басты мақсатымыз екенін жиі айтады.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтайық

Жас ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз. Осы орайда еліміздің түкпір-түкпірінде көптеген іс-шара өткізілді.

оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар жоспарланып, жүйелі түрде жүргізілді.

толмас өкінішке ұрындырады. Осы ой, осы сөздер үнемі қаперімізде жүреді. Білімді ұрпағымыз ғаламдық кеңістікте өз орнын тауып, жоғары жетістіктерге жеткенін қалаймын.

Біздің мектеп оқушыларының рухани құндылықтарға негізделген білім беруді жүзеге асыруда. Бұл жыл – таным мен тағалымға толы кезең болды.

Гүлжанар ЕСПАНОВА, Құлжабай Қасымов атындағы № 28 ІТ мектеп-лицейдің директоры Талдықорған қаласы

СТУДЕНТ СЫРЫ

Жатақхана – өз үйім

Студенттердің сапалы білім алуына олардың бүгінгі күннің талаптарына сай жайлы тұрмыстың өзіндік үлесі бар.

және мүмкіндігінше жеке бөлмелер беріледі. Жатақханада студенттерге арналған мәдени шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Сондай отырыстардың бірін молекулалық биология және генетика кафедрасының кезекшілігінде кафедра меңгерушісі З. Айташеваның «Әлем тілдері сыр шертеді» деген диспутын айтуға болады.

Жанар ЧУНЕТОВА, Назгүл АЛТЫБАЕВА, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультеті молекулалық биология және генетика кафедрасының куратор – әдвайзерлері

Лицензия KZ27LAA00019309

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазіргі уақытта АИТВ денсаулық сақтаудың негізгі жаһандық проблемаларының бірі болып саналады.

АИТВ-ға шалдығудың алдын аламыз

Мақсат – сырақтанудың алдын алу. Сондай-ақ, кеселге шалдыққандарға жан-жақты көмек көрсету.

АИТВ-мен байланысты алдын алу, диагностикалау, емдеу және күтудің тиімді құралдарына қолжетімділікті кеңейтудің нәтижесінде аталмыш инфекция созылмалы аурулар санатына өтті.

Сонымен қатар, соңғы жылдары АИТВ жұқпашының жыныстық жолмен берілуі көбеюде.

2030 жылға қарай ЖИТС індетін тоқтату денсаулық сақтау ұйымдарының алға қойған негізгі мақсаттарының бірі болып саналады.

Малика МЫРЗАТАЕВА, Алматы облыстық ЖИТС орталығының статист-дәрігері

САҒЫНЫШ

Жарқын бейне

Екінші дүниежүзілік соғыс талай адамның тағдырына әсер етіп, балалық бал дәуренінің, жастық шағының қызығын көруге мүмкіндік бермеді.

Енді ғана оның-солын танып, ержетіп, жігіттік шаққа жеткенде әкеміз елін-жерін азат етуге соғысқа аттанады.

Адамның шынайы келбеті елінің, өзінің басына іс түскенде ашылары заңдылық. Әкеміз жастығына қарамастан қиындыққа төтеп беріп, еңбекке ерте араласты.

Әкеміз тәртіп қатаң, талап жоғары заманда білімін көтере жүріп, біліктілігімен партия қатарына қабылданды.

Table with 5 columns: Санаттар, Лауазымдардың атаулары, Біліміне қойылатын талаптар, Кәсіпін міндеттемелеріне қойылатын талаптар (қызмет спецификасын көрсететін), ІІД бөлімінің атаулары, бос лауазымдардың саны. Rows include various inspector and specialist roles.

Департамент полиции Алматинской области в соответствии с пунктом 2 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе» и приказом МВД Республики Казахстан от 13 марта 2020 года № 211 «Об утверждении Правил отбора на первоначальную профессиональную подготовку и условия ее прохождения для лиц, поступающих в органы внутренних дел, а также основания их отчисления от первоначальной профессиональной подготовки» проводит отбор на первоначальную профессиональную подготовку.

СПИСОК вакантных должностей ДП Алматинской области по состоянию на 13 декабря 2022 года (3 этап). Table with 4 columns: Категория, Наименование должности, Требования к образованию, Требования к профессиональным характеристикам, Наименование подразделений ДП.



әл-ауқатын арттырып, ауылдардың көркеюіне бар күш-жігерін жұмсады. Атап айтсақ, «Қызылту» қой кеңісары, Торғызбұлақ, Ұзынбұлақ, Бөлексаз шаруашылықтарында партом хатшысы және аудандық партия комитетінің жауапты қызметкері болып жұмыс атқарды.

«Өлке тынысы» ЖШС мен «Jetisy» газетінің ұжымы Талғар ауданының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер Мұса Жанәділовтің кайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортқатасып, көңіл айтады.

сының ақылшысы, жол көрсетіп, бағыт берген кездері туыстардың көңілінде әлі де сайрап тұр. Екеуінің тартқан «алтын арқауы» туыстардың арасында әлі жалғасын тауып келеді.

Advertisement for «Өлке тынысы» ЖШС мен «Jetisy» newspaper. Includes contact information: Талдықорған қаласы, Жумахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат. Phone: 8 747 390 09 90. Website: www.7-su.kz.

Advertisement for ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі. Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС. Директор: Досан АТАНТЕЛОВ. Бас редактор: Болат АБАҒАН.

Advertisement for Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Advertisement for Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қызметкерімен бірлесіп жүріп, редакцияға қол жеткізілетін.